

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ**

**Министерство образования и науки  
Республики Казахстан**



**Алматы қ.**

**2018 жылғы 9-10 тамыз**

**Баспасөз хабарламасы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы білім беру жұмыскерлерінің республикалық тамыздық педагогикалық кеңесі аясында 2018 жылғы 9-10 тамызда «Қосымша білім беру сапасын арттыру – адам капиталын дамыту факторы» тақырыбында балаларға қосымша білім беру педагог қызметкерлерінің секциясын (әрі қарай – секция) өткізеді.

Секцияны өткізу балалардың қосымша білім беру жүйесіне 100 жыл толуына арналған маңызды және біріктіруші іс-шара ғана емес, сонымен қатар балаларға қосымша білімнің барлық бағыттарында республиканың білім беру ұйымдарында білім беру қызметтерінің сапасын арттырудың катализаторы болып табылады.

Бүгінде адам капиталы, инновациялық ойлау Қазақстанның басты құндылықтары болып табылады.

Жаңа жағдайларда білім беру қызметі кеңінен таралып келеді, өйткені балалардың танымдық қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыру білім беру мектеп аясында әрдайым болмауы мүмкін.

Секция қосымша білім беру жүйесін сақтау және жаңғырту мәселелері бойынша мемлекет, қоғам және кәсіби қоғамдастық арасындағы тиімді диалог пен өзара әрекеттесудің ашық алаңы болады.

Секция жұмысының барысында Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Төртінші индустриалды революция жағдайында дамудың жаңа мүмкіндіктері» жолдауында, «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы модернизациялау» және «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мақаласында көрсетілген мемлекеттік бастамаларды іске асыруға бағытталған мәселелер талқыланады.

Бұл балаларға қосымша білім берудің қолжетімділігі мен сапасы, қосымша білім берудегі ғылыми - білім беру және шығармашылық ортаны дамыту, педагогтердің кәсіби дағдыларын арттыру.

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің баспасөз қызметі  
010000, Астана қ., Орынбор көшесі 8, 11 кіреберіс, тел.: +7 (7172) 74-24-14*

*E-mail: [pressa@edu.gov.kz](mailto:pressa@edu.gov.kz)*

Балаларға қосымша білім берудің өзектілігі мен тиімділігі, қатысушыларды қосымша білім берудің қазіргі заманғы модельдерін дамытудың халықаралық тәжірибелерімен таныстыру, оқушылар үйлері мен сарайлары базасында балалар технопарктерінің желісін құру мәселесіне ерекше назар аударылатын болады.

Секция қатысушылары білім беру ұйымдарын цифрландыру жағдайында қосымша білім берудің стратегиялық бағыттарын, бірлескен жұмысты құрастыру жолдарын, органдар мен ұйымдардың балалар мен жастарды тәрбиелеу саласындағы мемлекеттік саясаттың басымдықтары туралы өзара іс-қимылын талқылайды.

Өзекті мәселелерді талқылауға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, облыстардың білім басқармаларының, республикалық маңызы бар қалалардың өкілдері, білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері, ата-аналар мен қоғам өкілдері, жаңа оқу жылының қарсаңында қосымша білім беру жүйесін дамытудың өзекті мәселелерін талқылауға дайын тұлғалар қатысады.

Секция шеңберінде қатысушыларға Алматы қаласындағы Оқушылар сарайының педагогтері дайындаған шеберлік-сыныптарына, бизнес-инкубатордың ашылу салтанатына қатысу мүмкіндігі беріледі.

Секция TEDx Talks форматында өткізіледі – спикерлердің сөз сөйлеуін Youtube, Twitter және Facebook арқылы онлайн режимде көре алады.

Қазір республикада балаларға қосымша білім беру бойынша қажетті заңнамалық және нормативтік құқықтық база құрылды. Балаларға қосымша білім беруді 70 мыңға жуық педагог (19 000 педагог мектептен тыс ұйымдарда және 50 000-нан астамы мектеп педагогтері) қамтамасыз етеді. 1287 мектептен тыс ұйымдар (31,1%), 62 мыңнан астам мектеп үйірмесі (46,5%) жұмыс істеуде. Балаларды қосымша біліммен қамту 77,6% құрайды.

Өнер, музыка және көркемөнер мектептерінің 85 білім беру бағдарламаларының мазмұны жаңартылды, жаңа педагогикалық технологияларды қолдануды ескере отырып 35 бейне сабақ дайындалды, балаларға қосымша білім берудің әлеуметтік-педагогикалық, көркем-эстетикалық, музыкалық, туристік-өлкетану, техникалық бағыттар бойынша республикалық іс-шаралар ұйымдастырылады, республиканың 10 мектептен тыс ұйымдарының үздік тәжірибесі жалпыланды және енгізіледі.

Секция жұмысының қорытындысы, оқушылардың бос уақыттарын ұйымдастыру тәсілдерін, балаларға қосымша білім беру бағытындағы әрі қарайғы басымдықты анықтайтын ұсынымдарда көрсетіледі. Секцияның материалдары қол жетімді түрде көруге болатын

[www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында орналастырылады.

Қосымша ақпарат бойынша ҚР ҒБМ Республикалық қосымша білім беру орталығына хабарласуға болады: +7 (7172) 64-27-19, 8 (775) 345-67-12.

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің баспасөз қызметі  
010000, Астана қ., Орынбор көшесі 8, 11 кіреберіс, тел.: +7 (7172) 74-24-14*

*E-mail: [pressa@edu.gov.kz](mailto:pressa@edu.gov.kz)*